

● “МӘҢГІЛІК ЕЛ” ПОЙЫЗЫ

СЫР ЕЛІНДЕГІ ШАПАҒАТТЫ САПАР

Биылғы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығын ту етіп, Елбасының «Мәңгілік ел» идеясымен қуаттанған, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын дәріптеген республикалық «Мәңгілік Ел» акциясының топ мүшелері сенбі күні Сыр еліне келді. Өмірге табан тіреген «Мәңгілік ел» пойызының топ құрамын облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әмірезов бастаған сырбойлылықтар сән-салтанатпен қарсы алды. Теміржол вокзалында облыс әкімінің орынбасары Ғ.Әмірезов делегация мүшелеріне сәттілік тілеп, «Мәңгілік ел» жолындағы дамуымыздың жедел, келешегіміздің кемел болуына тілектестігін білдірді. Ал топ жетекшісі Әміржан Әлпейісов бастаған топ мүшелері қала тұрғындарына шараның мән-мағынасы мен маңызын түсіндіріп берді.



Теміржол вокзалында өткен кездесуден соң А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде мемлекеттік қызметкерлер, түрлі сала өкілдері мен қала тұрғындары және жастар делегация мүшелерімен кездесті. Жиын барысында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры әрі топ жетекшісі Әміржан Әлпейісов Сыр елінің өткені мен бүгінгісіне тоқталып, тарихи тұлғаларына қатысты тағылымды ойларымен бөлісті. Қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайту, қазақстандықтарды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбітшілік пен келісім саясаты төңірегінде біріктіруді мақсат тұтқан пойыз сапарын республикамыздың 33 елді мекенінде өткізу жоспарланған. Сыр өңіріндегі алғашқы аялдама тарихи терең Қазалыдан басталып, делегация құрамындағы Ауыл шаруашылығы, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, Әділет министрлігі, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен өзге де салалардың білікті мамандары, басшылары жұртшылыққа ақыл-кеңес беріп, арнайы қабылдау жасайтынын жеткізді. Ғалымның ойлы әңгімелерінен соң Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясын, «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауын, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы алға қойған басты міндеттері мен мақсаттары жайында Астана қалалық «Қоғамдық келісім

орталығы» директоры Талғат Жакиянов тоқталды. Астана қалалық «Ахысқа» түрік мәдени орталығы» қоғамдық ұйымының төрағасы Аскер Пириевтің лебізі де көпшіліктің көңілінен табылды. Бауырлас халықтардың баянды бірліктері арқасында күн кешіп жатқан өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқына айтар алғыстары аз болмауы тиіс деген ол көпұлтты Қазақстанның биік белестерді бағындырар кезі алда деп қорықты. Шара аясында қатысушылар ел дамуы мен бірлігі бағытында сұрақтар қойып, тұшымды жауаптарға қанықты. Кездесуден соң топтағы әр саланың мамандары жоспарға сәйкес бөлініп, облыс тұрғындарына кәсіби тұрғыда кеңестер беріп, жұмыстарын жалғастырды. Ұлт денсаулығы қашанда мемлекеттің назарында. «Мәңгілік ел» пойызындағы Астана және Алматы қаласынан жасакталған дәрігерлер тобы облыстық кеңес беру диагностикалық орталығында халыққа 25 түрлі тегін медициналық қызмет көрсетіп, кеңестер берді. Отызға жуық білікті дәрігерлер құрамында нефролог, уролог, гематолог, ортопед-травматолог, пульмонолог сынды дәрігер мамандар бар. Оларды Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің өкілі Нұрлан Қыдырбаев бастап келді.

2-бет



● МҰРА

ЖАҢАРҒАН МУЗЕЙ ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНА ТҮСПЕК

Кеше қайта жаңғыртудан өткізілген облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа экспозициясының ашылу рәсімі өтті. Оған жергілікті қылқалам және колөнер шеберлері, басқарма басшылары, ардагерлер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Салтанатты шараны ашқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жылжыандарды тарихи-өлкетану музейінің жаңарған экспозициясы ашылуымен және алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтады. – Бүгінгі шараның өзіндік мәні бар деп есептеймін. Себебі, Ұлыстың ұлы күнін тарихқа тағылымнан бастап отырмыз. Елбасымыз айтқандай, Мәңгілік елдің тарихы да мәңгілік болуы қажет. Сондықтан Сыр елінде Наурыз мерекесі қарсаңында реконструкциядан өткен облыстық тарихи-өлкетану музейін қайта ашып отырмыз, – деді Қырымбек Елеуұлы. – Мәңгілік

Ел идеясының бір тармағы Сыр елінде жатыр деп айта аламыз. Оның айғағы ретінде Қорқыт бабамыз жатыр, Сақ мемлекетінің астанасы болған Шірік Рабат жатыр. Оғыз империясының астанасы Жаңкент те тарихымыздың үлкен бір тармағы. Қыпшақ империясының және кейін қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ, Кеңестер одағында Қазақ республикасының алғашқы астанасы атанған Қызылорда қаласы кешегіміздің айғағы. Сондықтан осы Мәңгілік Ел идеясын іске асыруда біз тарихымыздан тағылым алып, болашаққа қадам жасауға талпынуымыз керек деп ойлаймын.



4-бет



Наурыз мерекесіне орай Қызылорда облысында өтетін іс-шаралардың БАҒДАРЛАМАСЫ		
15 наурыз – «Наурыз-дәстүр» (салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар күні) Сағ. 10.00 - «Әйел тіршілік өзегі» атты әйелдердің колөнер көрмесі (Қазалы аудандық орталық алаң) - «Сақтайық қазақ дәстүрін» салт-дәстүрлерден көрініс (Жанақорған ауданы, Бесарық ауылы). Сағ. 11.00 - «Наурыз мереке-Наурыз береке» тақырыбында ұлттық өнерден байқау (Достық үйінде). - «Әжем айтқан ертегі» атты әже мен немере арасындағы байқау (А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі). 16 наурыз – «Наурыз шапағаты» (қайырымдылық күні) Сағ. 12.00 – «Құтты болсын, аз Наурыз!» атты мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық концерті. («Регистан» мейрамханасы) Сағ. 15.00 – «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» атты өнергелі отба-	сыларды (алтын, күміс той нелері) мерекелік құттықтау. 17 наурыз – «Наурыз думан» (ұлттық ойындар күні) Сағ. 11.00 - Ұлттық ойындар жарыс. («Сыр сұлейлері» аллеясы). - Ұлттық ойындар – ел мұраты» атты мерекелік шара (Қармақшы аудандық «Этноауыл» саябағы). 18 наурыз – «Наурыз тарту» (ұлттық өнер күні) Сағ. 11.00 - «Наурыз шапаш» - флэш-моб, ұлттық би фестивалі («Қорқыт ата» мемориалдық ескерткіші). - «Наурыз береке бастауы» атты жаңа мөлтек ауданды пайдалануға беру рәсімі (Жалағаш кенті). Сағ. 19.00 - «Рауан ұлыс, ырыс күн» атты «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің концерті (Қызылорда облыстық филармониясы).	19 наурыз – «Наурыз жанару» (көркейтү-жоғалдандыру, тазалық күні) Сағ. 9.00- «Бауырсақ party» және тал егу акциясы (Тұңғыш Президент паркі). - Жалпыхалықтық сенбілік. 20 наурыз – «Наурыз береке» (мәдени-көпшілік шаралар) Сағ. 9.00-12.00 - «Сыбаға сарқыт» атты ауылшаруашылық жәрмеңкесі және «Күш атасын танымас» атты сайыс («Тағзым» алаңы). - «Шапағатын, нұрын сепкен Ұлы Наурыз» атты театрландырылған қойылым (Сырдария аудандық мәдениет үйі). - Қаланың мөлтек аудандарында мәдени-көпшілік шаралар. 21 наурыз – «Наурыз шұғыт» (мәдени-көпшілік, жалпыхалықтық серуен күні)
Сағ. 10.00- Орталық алаң. «Ұлысқа мерей сыйла, нұрлы Наурыз!» атты концерттік бағдарлама. Сағ. 19.00 – Наурыз мейрамына арналған гала-концерт. 22 наурыз – «Ұлыс күні» Сағ. 9.00 – Орталық алаң. Қаладағы жоғары және арнаулы оқу орындарының Наурыз мейрамына арналған концерттік бағдарламасы және жалпыхалықтық серуен. Сағ. 10.00 – Ірі сауда орындары, базарлар мен мейрамханалардың жалпыхалықтық Наурыз дастарханы. Сағ. 10.00 – «Біздің ауладағы Наурыз» атты қаланың мөлтек аудандарындағы мерекелік іс-шаралар. 21-22 наурыз күндері Қала және аудан орталықтарында және елді мекен тұрғындарына арналған мерекелік бағдарлама (спорттық шаралар, мерекелік дастархан, т.б.).		

● **ПРЕЗИДЕНТ**

ЕЛБАСЫ БАУЫРЛАС ЕЛГЕ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Елбасы Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоғанға Анкара қаласында болған төрерлық актіге байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Жеделхатта қайғылы оқиға салдарынан көптеген жазықсыз адамдардың қаза болғаны және зардап шеккені туралы хабарды Қазақстан Президенті зор күйзеліспен қабылдағаны атап өтілген.

«Еліңізбен көрші аймақтағы тұрақсыздық пен халықаралық терроризмнің өршуіне қарамастан, Түркия ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтып, қазіргі заман қауіп-қатерлеріне қарсы күресте табандылық танытатынына сенімдімін. Халықаралық терроризмнің тамырына балта шабу әлемдік қоғамдастық алдында тұрған ең өзекті міндет деп санаймын», – делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қазақстан ХХІ ғасырдың ең қауіпті қатеріне қарсы күресте бауырлас түрік халқын қолдайтынын атап айтты.

Сонында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқының жеке жеке өзінің атынан Р.Ердоғанға, қаза тапқандардың туыс-туғандарына, сондай-ақ барша Түркия халқына көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестігін білдірді.

Жексенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қызылорда қаласында салынып жатқан көпсалалы балалар ауруханасы және шыны зауытының құрылыстарымен танысты.

ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ШАҢЫРАҒЫ БИІКТЕДІ

Аймақ басшысы алдымен Тасбөгет кентінде салынып жатқан облыстық көпсалалы балалар ауруханасының құрылысын көрді. Бескабатты ғимарат 200 төсек-орынға шақталған. Мұнда он екі бөлім жұмыс істейтін болады. Атап айтсақ, хирургия, офтальмология, аллергия, урология және нейротравматология. Сондай-ақ рентгенді диагностикалық, физиотерапиялық, балшықпен емдеу кабинеттері бар. Бұдан басқа клиникалық зерттеу кафедрасы да қарастырылған. Яғни, аурухана науқастарды емдеп қана қоймай, білікті медицина мамандарын даярлайды. Барлық палатада жуынып-шайынатын бөлме болады. Ата-аналардың күндіз-түні балаларының қасында болуына жағдай жасалған. Ойын бөлмелерінен бөлек, ғимараттың ауласында алаңдар салынады. Жобаның жалпы құны 7 млрд теңгеге жуық. Бас мердігер «Дәнекер» серіктестігінің атқарушы директоры Жоланн Пановтың айтуынша, 2014 жылы басталған аурухана құрылысы жос- техника жұмылдырылған. Күн жылына, жұмысшының да, техниканың да саны екі есеге артпақ.

Бұдан соң облыс әкімі шыны зауытына барды. Қуаттылығы жылына 197 мың тонна табакша шыны шығаратын және өңдейтін зауыттың құрылысы «Гитов» шағын ауданында орналасқан индустриялық аймақта жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 52,1 миллиард теңге. Қаржының 80 пайызын «Қазақстан даму банкі» АҚ бөлсе, қалған 20 пайызын «Steward Engineers» АҚШ компаниясы мен «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ инвестор ретінде қаржыландыруда. Операторы – «OrdaGlassLtd» серіктестігі.

Бытыр көктемде кәсіпорынның негізгі ғимараты саналатын қойманың іргетасы қалғанына куә болғанбыз. Қазіргі таңда сол қойманың металл құрылымдау жұмыстары аяқталып, сыртқы қабырғалары қаланып жатыр.

Құрылыс жұмыстарына 200-ге жуық адам мен отыздан астам техника



пар бойынша биыл желтоқсан айында бітуі тиіс. Бірақ оны мерзімінен бұрын аяқтап, пайдалануға беру көзделуде. Қазіргі құрылыс нысанының 60 пайызы біткен. Келесі айда аурухананың құрал-жабдықтары әкеліне бастайды. Құрылыс басында қазір 250 адам жұмыс істеуде, 40 жұмылдырылып отыр. Жұмысшыларға бар жағдай жасалған. Дайын өнім қоймасының ұзындығы 300 метр, ені 150 метрді құрайды. Қойманың сыртғы сәуір айының он бесіне дейін толықтай жабымаз. Содан кейін шыны зауытының құрал-жабдықтары әкелінетін болады, – дейді «OrdaGlassLtd»

зауыты ел экономикасының өрлеуіне ықпал ететіні анық. Аймақ басшысы мердігер компаниялардың басшыларына құрылыстардың кестеге сай жүруін тапсырды.

Дәурен ОМАРОВ.

● **ҚАБЫЛДАУ**

ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ҚАЙРАТКЕР

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мемлекет және қоғам қайраткері Алмагүл Божанованы 70 жасқа толуына орай қабылдады. Аймақ басшысы еңбек ардагерін мерейтойымен құттықтап, құрмет көрсетті.

– Бүгін – Сыр өңірінің өсіп-өркендеуі үшін ұзақ жылдар еңбек еткен білікті маман, шебер ұйымдастырушы, еліміздің үлкен жаунары тұлғасы Алмагүл Божанованың мерейтойы. Ол 26 жасында аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған. Кейінірек тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында – өтпелі кінші кезеңде республика аумағында аудан басқарған бірден-бір әйел болды. Сіз қай кезде де біз үшін рухы сергек, ойы тың, кімге болса да үлгі, кезіндегі жастардың жалындаған көңілесі болып қала бересіз, – деген аймақ басшысы мерейтойі несіне облыстық «Құрмет» грамотасын табыс етіп, ұлттық дәстүрмен сый-сияпат көрсетті.

Сонымен қатар, кездесуге Алмагүл Божанованың еңбек еткен әріптестері мен зәуегілес достары қатысты. «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» қауымдастығының төрайымы Әліма Әбділқымова бақытты еңбектен тапқан мерейтойі несінің бір пайым-парасатын, қайсар һәм тұрақты мінезін сөз етті.

Ал Алмагүл Божанова өзіне көрсетілген сый-құрмет пен айтылған жылы лебіздерге алғысын білдірді.

– Біз үшін, мен үшін Сыр елінің жан-жақты дамуы, халықтың тұрмысының көтерілуі, руханиятының жаңғыруы – сол бақыт, үлкен мәртебе. Қазір облыста барлық сала қарқынды дамып келеді. Әсіресе, тұрғын үйлер көптеп салынып, ел игілігіне беріліп жатыр. Он жыл бойы кезекте тұрып, пәтерге көл жеткізе алмай келген жерлестеріміз басыналай болуда. Солардың қуанышын көріп, көңіліміз тояды. Өмірден өткен ел азаматтары еске алынып, көзі тірілері құрметке бөленуде. Осы үшін де ризамыз, – деді А.Божанқызы.

Айта кетейік, Алмагүл Божанова 1946 жылы 14 наурызда қазіргі Сырдария ауданына қарасты Қызылөзек елді мекенінде дүниеге келген. Ол еңбек жолын 1964 жылы Шаған ауылында балабақша меңгерушісі болып бастап, зейнет жасына дейін қай кызметте болмасын аса табысты еңбек еткен жан. Мектепте мұғалім де, директор да болды, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық партия комитетінің хатшысы, сондай-ақ халық депутаттары Тереңөзек аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін айрықоймен атқарды.

1991-1992 жылдары халық депутаттары Тереңөзек аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1992-1999 жылдары қазіргі Сырдария ауданының әкімі болып қызмет атқарды. Сондай-ақ, Алмагүл Божанова 1999 жылы екінші және үшінші шақырылған облыстық мәслихаттың хатшысы болып сайланды. Өңіріміздің өркендеуіне елеулі үлес қосқан ардагер бүгінгі таңда да елдің бірлігі үшін тынымсыз еңбек етіп, әлеуметтік-қоғамдық мәселелердің шешілуіне ұйытқы болып келеді.

Дәурен СЕЙІТЖАНҰЛЫ.



● ТӘУЕЛСІЗДІК – 25

Балалар дәрігері Гүлжан Аманбай қант диабеті және темір жетіспеушілігімен келген балалар саны мән болғанын айтады. Ал травматолог-ортопед Сейдахлы Әбдішев тәнертеімен түрлі жаракат алған науқастардың төртеуіне Астанаға жоспарлы отаға жолдама бергенін, тұрғындардың денсаулығына бейжай қарамайтынын жеткізді.

«Мәңгілік ел» акциясының бастамашыл тобының сала мамандары халыққа қызмет көрсету орталығында мемлекеттік қызмет түрлерін тиімді пайдалану жолдарымен бөлісті. Әділет министрлігінің өкілі Ләйла Ермачанова бастаған топ халыққа құқықтық қызметтің сан-салалы тармағындағы қызмет алу жүйесімен таныстырып, кеңестерін берді.

– Біздің құрамдағы қыз-жігіттер әлемдік ЖОО-да білім алып, тәжірибе жинақтаған біліктілігі жоғары жандар. Олар акция басталғаны бері 28 елді мекенде 600-ден астам адамға құқықтық

СЫР ЕЛІНДЕГІ ШАПАҒАТТЫ САПАР

Мұнан соң қонақтар былтыр ашылған жаңа №278 орта мектептің түлектерімен кездесу өткізді. Жас өрендерге «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» бағдарламасын кеңірек түсіндіріп, ел болашағы жастарға жасалып жатқан мемлекеттің қамқорлығы шексіз екенін жеткізді.

«Қыз Жібек» мейрамханасында топ мүшелері мүмкіндігі шектеулі мүтедек балаларға ар-

Жалпы акцияның негізгі мақсаты – қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайту мен дамыту. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы тұғырнамасына байланысты және Елабасының бейбітшілік пен келісім саясаты нәтиретіне қазақстандықтарды біріктіру болып табылады.

Міне, қасиетті Сыр еліне де табан тіредік. Бұл мекеннің тарихы тереңде. Сыр топырағынан қанша гүлалалар, батырлар, қайраткерлер шыққаны тарихтан белгілі.

Біздің «Мәңгілік ел» пойызы 15 ақпанда жолға шыққан еді. Елабасының тапсырмасы бойынша бастау алған осы игі істің басында 100-ден аса түрлі сала мамандары бар. Оның ішінде көпшілігі медицина саласының қызметкері. Шетелдерде білімін жетілдірген, тәжірибе алмасып келген, соңғы технологиялармен тиімді жұмыс жасай алатын өз ісінің үздіктері акция барысында тұрғындарға кеңес беріп, квота алу жайында да түсіндіріп, жолдама беру жұмыстарын жасады, – деді делегация басшысы Әміржан Әлпейсов.

Делегация өткен жұма күні Қазылы ауданында болған. Онда 800-ден аса адам қабылдап, жалпы шараға 2500-дей жан қамтылды.

«Мәңгілік ел» пойызының тағы бір бағыты ел ішіндегі тұрақтылық пен бірлікті нығайту болып табылады. Бұл жайында делегация мүшесі Талғат Жақиянов айтып берді.

– Жалпы біз осы уақытқа дейін 35 мыңнан аса халықты қабылдадық. Оның 11 мыңнан аса адамы дәрігерлердің көмегіне жүгінген. Сонымен қатар халықпен кездесу барысында «Мәңгілік ел» идеясын, оның негіздерін түсіндіру және этносаралық

орындарының жастарымен жүздесті.

Сенбі күні Қызылорда қаласына келген «Мәңгілік ел» пойызы өкілдері түрлі іс-шараларға қатысып, тұрғындармен кездесіп кеңестер берді. Осы арада шара соны «Достық үйінде» ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Мәңгілік ел» акциясының гала-концертіне жалғасып, қорытығынды. Шараны делегация жетекшісі Әміржан Әлпейсов ашып, Сыр елінен алған ерекше әсерлерімен бөлісіп, акцияның кең ауқымдылығына тоқталып өтті. Концерттік бағдарламада әр ұлттың бин билеп, патриоттық әндер шырақалды. Жергілікті өнерпаздар бар өнерлерін ортаға салып, қонақтарға әсерлі көңіл-күй сыйлады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында жолға шыққан «Мәңгілік ел» пойызы Сыр еліне де келді. Делегация мүшелері «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» идеясын ілгерілету, техникалық кәсіптерді насихаттау мақсатында Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінде студенттермен кездесу өткізді. Шара барысында Астана қаласының «Қоғамдық келісім орталығы» директоры Талғат Жақиянов Елабасының алға қойған басты міндеттері мен мақсаттарына тоқталды. Студенттермен еркін әңгіме құрып, жастардың қоғамдағы орнын талқылады.

Кеш соңында студенттер жүрекжарды өлеңдерін оқып, сұрақтар қойды. Аталған қолдаудың «Қызылорда» мамалығы бойынша білім алатын 3-курс студенті Қайрат



қызмет көрсетті, оның 80 пайызға жуығы өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды, – дейді министрлік өкілі.

Құқықтық кеңес берген заңгерлер тұрғын үйді заңдастыру, сот актісін орындауы, мұрагерлік жайында сұрақтар көп болғанын айтады. Мәселен, қызылордалық Набира Есірқенова астаналық мамандарға өзінің жуырда ғана ипотека арқылы алған екі бөлмелі үйдің құжаттарын заңдастыру жайында ақыл-кеңес алса, зейнеткер Бота Рысмаханова құқықтық кеңестерге әсіресе зейнеткерлер зору екенін білдіріп, ұйымдастырылған шараға алғысын білдірді.

Сондай-ақ, пойыз құрамындағы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Бизнесі сервисті қолдау» департаментінің басшысы Мұхтар Мырзахметов облыстық кәсіпкерлер палатасында болып, ісін бастаушы және тұрақты жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлермен кездесті. Кеңес алу барысында қала тұрғындары орта және кіші кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары бойынша өзекті сұрақтарына жауап тауып, түйткілді

нап қайырымдылық акциясын жасады. Көңілі пәс балғындарға жаңа киім-кешектер сыйлап, көңілдерін аулады.

Түстен кейін топ мүшелері арнайы Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасында болып, корей тілін оқыту кабинетінің жұмысын көрді. Шара аясында қалалар мен елді мекендердің кітапханаларына кітаптар топтамасымен қамтамасыз ететін «Теңдессіз сыйлық» қайырымдылық шарасы өтіп, этносаралық қарым-қатынасқа арналған кітаптар облыстық әмбебап кітапханасына сыйға берілді. Сонымен қатар, Қорқыт Ата атындағы КМУ-дың Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының ұжымымен кездесіп, еліміздегі татылық пен бейбітшіліктің жасампаздығына сенім білдірді.

Делегацияның негізгі мақсаты – «100 нақты қадам» Ұлт жоспары мен «Мәңгілік ел» Ұлттық идеясын халыққа жақын таныстыру, шайғай елді мекен тұрғындарының түйткілді мәселелерімен танысу.



мәселелерінің оң шешілгеніне разы болды.

Бір күнге жоспарланған кездесулер ішінде делегация құрамы жуырда ашылған «Достық үйі» ғимаратын аралап, түрлі этностың құнды жәдігерлері қойылған мұражаймен, концерттік зал, ЭМБ кабинеттер және кітапханалармен танысты. Онда КХА-ның облыстық халықалығы және облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» басшылығымен кездесіп, «Бейбітшілік және келісім үлгісі - Қазақстан бренді» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді. Шараға қатысушылар фокус топпен жұмыс жасап, ойларын, пікірлерін ортаға салды.

● МӘЖІЛІС

ТАЗАЛЫҚҚА НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАҒАН БАСШЫ ЖҰРТШЫЛЫҚ НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық әкімдіктің мәжілісі өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер тапқылаулар алдында облыстық мемлекеттік аумақтық инспекциясының басшысы Бақыт Нұрғазиевті құрметті демалысқа шығарып салу рәсімі жасалды.

Облыс әкімі инспекция басшысының еңбек жолына тоқталды. Саалада көп жылғы нәтижелі еңбегіне алғыс білдіріп, Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін облыстан «Құрмет грамотасымен» марапаттап, қадесай тарту етті. Өз кезегінде Б.Нұрғазиев аймақ басшысына көрсетіліп отырған құрмет үшін ризашылығын жеткізді. Ол Қырымбек Елеуұлының облысқа басшы болып келгені жасап жатқан жұмыстарын атап өтіп, әсіресе түсіне білген алағам өңірде шыны зауыты құрылысын салудың қаншалықты оңай соқпайтынын ескеріп жеткізді. Нәтижесінде облыс орталығында кеңестік кезеңдегі ЦКЗ зауытынан кейінгі үлкен өндіріс орны бөрі көтеруде. Облыс басшысы Бақыт Әбдігәппарұлына жас әріптестеріне өзінің ақыл-кеңесімен көмектесіп, тәжірибесімен бөлісіп, кәсіби бағыт-бағдар беруге жұмыс жүргізе беретініне сенім білдірді.

Осыдан кейін мәжілістің күн тәртібіндегі алғашқы мәселе – облыс бойынша санитарлық тазалықты қамтамасыз ету және қоғаландыру бағытындағы іс-шаралар туралы облыс әкімінің орнынбасары Серік Қожаниязов хабарлама жасады. Ол облыс әкімі қаулысымен 10 наурыз бен 13 мамыр аралығында облыс елді мекендерінде көрейтуе-қоғаландыру және санитарлық тазалықтың екі айлығы жарияланып, тиісті жұмыстар басталып кеткенін жеткізді. Әкімдер тарапынан іс-шаралар жоспары жасалып, атқарылатын жұмыстарды бақылайтын мобилдік топтар құрылған. Облыс көлемінде санитарлық тазалық және көрейтуе-қоғаландыру шараларын жүргізуге арналған жалпы-намадары бекітіліп таратылды. Онда науқандық жұмыстармен қатар, өткен жыл аяғында облыстық мемлекеттік бекітілген Қызылорда облысында жасыл екпелерді күтіп ұстау және қорғау, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидалары көрсетілген. Сонымен бірге, Қызылорда облысы әкімдігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қызылорда облысында жасыл белдеу жасау туралы келісім аясындағы іс-шаралар жоспары қамтылған. Қазір сенбіліктер ұйымдастырылып, онда тек санитарлық тазалық жұмыстарымен қатар көрейтуе-қоғаландыру шаралары да қатар атқарылуда. С.Қожаниязов облыс құрметалығы болып отырған теміржол бойында елді мекендер көп орналасқанын, сондықтан ҚТЖ басылығы өздеріне қарасты аумақты таза ұстауы тиіс екенін атап өтті. Сонымен бірге, өз үйлерінің, мекемелерінің айналасын таза ұстамағандарға

Қызылорда облысы әкімдігінің баспасөз орталығында «Мәңгілік ел» пойызы жалпы республикалық акциясы аясында делегация мүшелері БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз конференциясын өткізді. Онда делегация басшысы Әміржан Әлпейсов, делегация мүшелері, «Қоғамдық келісім орталығы» РММ директорының орынбасары Талғат Жақиянов және «Қазақстан теміржолы ҰК» АҚ басқарма басшысы Руслан Барбасов республикалық акцияның маңыздылығына кеңінен тоқталып, атқарылып жатқан шаралар жайлы айтып берді.

қатысты ақпарат құралдарында сыни материалдар жариялау тиісті нәтижесін беретінін жеткізді. Сол секілді, «Таза ауыл», «Таза аула», «Таза көше», «Таза шағын аудан» байқауларын ұйымдастыру туралы ойын ортаға салды.

Облыс әкімі осы арада басын адамдар бұқаралық ақпарат құралдарының назарында болуы тиіс деді. Егер олар өз үйлерінің, өз мекемелерінің айналасының тазалығына немқұрайлық танытпаса, оны оқырмандар, көрермендер, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар білетін болуы керек. Аймақ басшысы санитарлық жұмыстармен қатар көше ренін келтіру мақсатында үйлерді әктеп, қоршауларды ретке келтіру жайында да мән беру керектігін атап өтті. Сонымен қатар, барлық деңгейдегі әкімдер мен мекеме басшыларының санитарлық тазалықтың екі айлық кезеңінде қандай жұмыстар атқару қажеттігі туралы нұсқаулар берді.

Қармақшы және Жалағаш аудандарын дамыту мақсатында «Жол картасы» бағдарламасы қабылданып, облыстық және республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлінген. Аталған бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде аудан әкімдері Сұлтан Мақашов пен Талғат Дүйсебаев хабарлама жасады. Олар бағдарлама аясында қолға алынған жобалар туралы және олардың орындалу барысы жайлы айтып берді. Облыс әкімі осы екі ауданда соңғы үш жылда кәсіпкерліктің өрістеуіне, индустриялық жобалардың жүзеге асынуына икепал жасамаған тиісті басқармалар жұмысын қатан сығып алды. Ол осы екі ауданда «Жол картасының» жүзеге асуы жартыжылдық қорытындысы бойынша Жосалы мен Жалағаш кентінде өтетін облыстық әкімдіктің көпшілі мәжілісінде арнайы қаралатынын ескертті.

Мәжілістің үшінші мәселе мемлекеттік сатып алу мәселелері туралы Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жазира Ерейітова хабарлама жасады. Ол мемлекеттік сатып алу саласында жаңа заң қабылданып, оны жүзеге асыру ережелері бекітілгенін атап өтті. Жаңа заңға сәйкес бірыңғай ұйымдастырушыны аяқылдау күзеті облыс, қала және аудан әкімдеріне тиесілі. Облыс әкімдігі қаулысына сай мемлекеттік сатып алу басқармасы бірыңғай ұйымдастырушы болып бекітілді. Дәл осындай жұмыстарды қала және аудан әкімдері атқаруы тиіс. Басқарма басшысы заң талаптары дұрыс сақталуы үшін тапсырыс берушілердің бірыңғай ұйымдастырушыға беруі тиіс құжаттар тізімін білуі тиіс екенін жеткізді.

Тапсырыс берушілер тарапынан 199 млн теңгені құрайтын 135 мемлекеттік сатып алу бойынша келесі кемшіліктерге жол берілген. Атап айтқанда, олар негізінен веб-порталға орналастыруда дұрыс сілтеме жасамау, сатып алу тәсілін дұрыс аяқылдамау және баға ұсынысын жасауда мерзімді сақтауға қатысты болып



татулықтың қалыптасуы турасында айтып келеміз. Кездесуде келген тұрғындардың сауалдарына жауап береміз. Олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап шешілуіне атсалысамыз. Бүгінде Ассамблея жанынан көптеген қоғамдық құрылымдар құрылуда, – деді ол.

«Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы» АҚ әлеуметтік іс-шараларға ардайым қолдау білдіріп келеді. Өткен жылы Ассамблеяның 20 жылдығына орай «Менің Қазақстаным» акциясын өткізген болатын. Жалпы бекітілген кесте бойынша 33 аялдама жасауға тиіспіз. Осы 33 елді мекенде жоспарланған іс-шараларымызды өткізген келеміз. Негізінен пойыз 9 вагоннан құралған. Онда мамандар үшін барлық жағдай жасалған. Кесте бекіткенде өткен жылы тоқтаған аялдамадан өзге де өңірлерге баруды күп көрген болатынбыз. Соны жүзеге асырдық. Ендігі бағытымыз Түркістан қаласы, – деді Руслан Барбасов.

Пойыз 15 ақпанда Астана қаласынан шығып, еліміздің түкпір-түкпірін аралап, 11 наурызда Қазылы ауданына, 12 наурызда Қызылорда қаласына табан тіреді. Сыр өңірінің жұртшылығы қонақтарды сән-салтанатпен қарсы алды. Мамандықтарың пойызды күту барысында мәдени-көпшілік шаралар өткізіліп, сонымен қатар әлеуметтік, құқықтық, денсаулық сақтау, ҰЕҰ мүшелеріне кеңестер беріліп, қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Алдымен делегат мүшелері А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Мәңгілік ел» идеясын, Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты зекеті Жолдауын, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын түсіндіру бойынша қала тұрғындарымен кездесу өткізді. Мұнан кейін «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» тақырыбында мектеп түлектерімен және «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» идеясын ілгерілету, кәсіпті насихаттау мақсатында оқу

Жағыппар жастар үндеуін оқыды. Облыстық білім басқармасы басшысының орнынбасары Бекжан Есенбаев кеш қонақтарына алғысын білдіріп, шараны қорытындылады.

«Мәңгілік ел» пойызының мүшелері түрлі кездесулер өткізді. М.Маметова атындағы педагогикалық колледжде Мемлекеттік сатып алу ұйымдастыру маманымен Батыс Қазақстан облысы «Азаматтық Альянсы» атқарушы директоры Ғалым Дүзембаевтың қатысуымен семинар-тренинг өтті.Шараға түрлі сала мамандары, кәсіпкерлер, колледж мұғалімдері мен студенттері қатысты. Мамандар азаматтарды толғандыратын барлық сұрақтарға жауап берді.

«31 наурызда дейін Қазақстанның барлық үкіметтік емес ұйымы ҰЕҰ жалпы тізіміне енгізу үшін өз қызметі жайында есеп тапсыруы тиіс. Бұл еліміздегі қоғамдық бірлестіктердің бірыңғай мәліметтер базасын құру үшін қажет. «Мәңгілік ел» пойызы акциясы аясында біз өңірлерде 7 наурызда қабылданып жана ережелер бойынша түсіндіру жұмыстарын өткіземіз. Жаңа ережелерде қоғамдық бірлестіктер ұсынуы тиіс мәліметтер тізімі бекітілген. Бұған дейін тізім өте үлкен болып келді, ал қазір үкіметтік емес ұйымдарға ыңғайлы болу үшін онда тек ең маңызды мәліметтер ғана қалып отыр», - дейді Батыс Қазақстан облысы «Азаматтық Альянсы» атқарушы директоры Ғамал Түзетбаев.


Екі сағатқа созылған семинар аясында делегация мүшелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, тұрғындардың ұсыныстарын билікке жеткізетіндеріне үлде берді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Сара АЛДЫБАЕВА,
Гүлжан ЯХИЯЕВА,
Гүлнар ДҮЙСЕБАЕВА.

● ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Кәсіпкер Мейрамбек Есжанов тынымсыз азамат. Көп оқиды, ізденеді, кәсібін жаңғыртуды ой тізбегінен өткізеді. «Не тындырдым, алда қандай атқарылар екі кезекте тұр? Келесі-кепішікке, жоқ-жуқа жандарға қол созғаным әлі де аздау ма, қалай? Туған жердің бірқатар проблемаларын шешуге қалайша атсалысып жүрмін» деп толғанады.

Осы орайда, жуырда кәсіпкер Мейрамбек Есжановпен әңгімелесудің сәті түсіп, өзекшарды біраз мәселенің түйдектелген жібін ағытқандай болды.



АУЫЛЫН АЯЛАҒАН АЗАМАТ

– Мейрамбек Кеңесұлы, әңгімені неден бастағанды жөн көресіз, алде үйреніштікі сұрақ-жауаптан ой бөліскенді қалайсы көресіз бе?

– “Балыққа таяз судан терең оңай, ақынға қара сөзден өлең оңай” демекші, мен тек өз кәсібімнен, өмір жолымнан әңгіме қозғайын. Көпбалалы отбасында жетімдім. Анам Ортаы Дөшекеқызы он төрт ұл-қызды өсірді, отыз шақты немере, шөбере сүйді. Қазір зейнеткер. Әкесі Дөшеке Қайыпұлы әскерлен оралмаған, менің анам әжелен жалғыз. Әжесі Азжарқұлдың бауырында өскен. Анамның шешесі Қарақызы өмірдің бар қиындығын, тағдыр тәлкегін көп көрген көрінеді. Бұл өз алдына таусылмайтын әңгіме. Сондықтан бүгінгі тіршіліктен сөз бастағанымыз жөн болар. Ал, сауалыңызды қоя беріңіз!

– Кәсіпкерлікті қалай бастадыңыз?

– Біздің отбасын түгелдей кәсіпкерлер әулеті деуге болады. Зайыбым Гүлнар да кәсіпкер. Бүкіл әулетімізде біріміз де мұнай саласы, жеке қожалықта сан түрлі шаруармен айналысамыз.

– Кәсіпкер жүгін қалай бағалайсыз?

– Қиын сұрақ қойдыңыз ғой. Мұны бір сөзбен жеткізу оңай шаруа емес. Азамат нәртәуекелге бел бұғанда ғана іс тынады. Билыл кәсіпкер болғаным оншақты жылдай уақыт болып қалды. Бұл мерзім ішінде қандай шаруа тындырдым?

Өмір сан-алуан проблемадан тұрады ғой. Тасбөгет кенті, қала іргесіндегі Ж.Махамбетов ауылы, “Наурыз” шағын ауданында жиырма мыңға жуық халық тұрады. Ауыл аралас болған соң бірі көмек сұрайды, бірі оқу ақысын төлеуге мүмкіндігі болмай жүрген ұл-қызына қаржыдан көмекке келеді. Бетін қайтармаймын, көмектесіп жүрмін. Қазіргі адамдардың талғамы да жоғары, есептеспей болмайды.

Тасбөгет кенті жылма-жыл жаңаруда, көшелер асфальтталып, электр жарығы, газдандыру одан әрі жүргізілуде. С.Майқанова атындағы мәдениет үйін жөндеуге, Махамбетов ауылында клуб, амбулатория салу, жөндеуге, “Тағзым” алаңын жаңартуға өзіндік үлес қостым. Аяқсу, ауыз су проблемасын шешуге, ауыл көшелерін асфальттауға, кеңейтуге қаржылай қолдау жасады. Туған жерім Махамбетов ауылын көркейтуді, одан әрі безендіру жүріп жатыр. Ауыл ажарынан қалды, үлкен көктөздер, қызмет көрсету орталығы көбейді.

– Кәсіпкер мырза, жақсы істер басталып жатыр екен. Ал, жекелеген тұрмысы төмен отбасыларына, арадагерлерге көмек көрсетуде қандай игі істерді айтар едің?

– Әдетте, мен әртүрлі категориядағы адамдармен жиі пікірлесемін. Соңғы жылдары бірқатар тұрмысы төмен отбасыларына 250 мың теңгеді көмек көрсеттім. Оншақты арадагерге тынығуға жолдама берілді. Үш бірдей отбасының үйі “тілсіз жауға” душар болғанда оларға 450 мың теңгені көмегін жасадым, азық-түлік жәрмеңкелерін көбейтті. Көрсетілген көмек түрлерін түгелдей айту ыңғайсыз болар. Әдетте, “судалығы балық естиді, балықтан халық естиді” деген бар ғой. Азды-көпті көмегім ел есінде болар.

– Кәсіпкер ретінде көп мәселені зерделеңізініз бағалады, тағы не айтасыз?

– Әр іске ізденіс, әрекет керек. Дағдарыс – уақытша. Біздің ата-бабаларымыз «қун жаманы кетеді, бұдан да жаманымызда тойға барғанбыз» дейтін. Билығы жыл – дағдарысты жеңу, еңсеру жылы болғалы тұр. Жаппай саналы еңбекке серпіліс туғызып, жұмылған жұдыртықтай бір жеңінен қол, бір жағадан бас шығара отырып еңбек етуге тиіспіз. Елабасының «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» деуі осыдан туындап отыр. Кәсіпкерлерге кең қолдау көрсету тағы да айтылды. Енді шегінуге жол жоқ, алда нұрлы болашақ тұр, алға ұмтылу баршаға парыз.

– Отбасыңыз жайында әңгіме қозғасанды...

– Зайыбым Гүлнар – кәсіпкер. Бір ұл, бір қызым бар. Қанағатты ту етіп, еңбек етуді парыз тұтамын. Ата-анам зейнеткер. Жоғарыда отбасындағы он төрт ұл-қыздың кеңісесімін дедім ғой. Ер жасы елудің шыңына қарай жол тартып барамын.

Елабас кәсіпкерлік жайында, оларды қолдау жайында көп ойындағы сөзді бүкілпесіз ашық айтып. Сондықтан өз кәсібімді одан әрі ұлғайту, жұмыс орындарын көбейту ойда бар. Дағдарысты жеңу жолында қажымай-талмай еңбек етіп, егемен елдің тәуелсіздік байрағын көкке көтеруді әр азамат парыз тұтса деген тілек бар. Қысқасы, қазір Сыр өңірінде дағдарысты жеңуге бетбұрыс басталды. Біз дағдарысты жеңеміз!

Сұхбаттасқан Қ.МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 338 қаулысы


Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 03.03.2016 жылы № 5382 тіркелген

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына, «Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша кәсіпорындар мүліктік кешен ретінде жекешелендірілсін.
- «Облыстық мемлекеттік кәсіпорындарды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 7 тамыздағы № 677 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4752 тіркелген, 2014 жылғы 26 шілдедегі «Сыр бой

ӨМІРБАЯНЫ



Құрметті сайлаушы!

дамдуу өз үлүмдү кошу үшүн обьектык маслихат депутаттыгынын кандидаттарды үсынууа кишим бердим.


Омүрүмүн жартысы ауылда, жартысы калада өтпө келди. №22 Аманкелди сайлау округүнын кандидат ретинде тиргүлөүсө ысы фактор эсереттөт. Себеби, бул округте сайлаушылар ауыл және кала тургүндарынан курашкан. Ошнмде өзөк окугуга тургүнынын кызыгыны билдирет.

Сайлаушылардын «Ипр Оган» таралынан ысынынган кандидат ретинде сайлаушылар багдарламалар төмөндегидей жумистарды энгизгн отырынан:

- Елбасынын 5 институтуоналдык реформасын тизмде жасауы асыруу – биздин табысты болууымыздын кепил. 100 нысаны калам. Улт жогоры ел дамуынын жүзүөл кошу. «Нурлы жол» багдарламасы накти к-имиле жумистар. Осы багдарламаларды өндрө тизмде кесе асыруу багытында өклдир, органдар жана кыргыздын калауу арасы;
- Сайлаушылар калам багдарламалары болгнен каржынын максатты жумсалууна партиялык бакылдау асыруу;
- Сайлау округүндегн тургүндардын турмыс жагдайына тұрпакты түрдө партиялык мониторинг жасауды жолга кою жоңе сараптама корытындысын депутаттык жумисыма пайдалануу;
- Тургүндарды жумисмен камтуу багытындагы багдарламалардын манызын кошпшлкке түсүндүрү, олардын накти колданысыа енуине ыкпал эткендигин жана калам багдарламаларына ыкпалгет кылдуу көрсетуу.
- «Нурлы жол» багдарламасы бойынша болгнен каржылардын түр аймактар тургүндары аса зору инфрақұрылымдарды жанартуға тизмде жумсалуын реттестіру;
- Сапалы білім беру мединциналк қызметтин өкіміне қолжетімді болуына партиялык мониторингті және бакылдауы күшіме.

(Қаржысы республикалық бюджет есебінен).

ӨМІРБАЯНЫ



Құрметті сайлаушылар!

– Қоғамдық және Үкіметтік емес ұйымдар жұмыстарының сенімді жұмыс жасауына ықпал етеді;

– Қазіргі таңда еліміздегі татылулық ұстап тұру – негізгі саттардың бірі. Осы мақсатқа Қазақстан халқы Ассамблеясының қатылымының қарқынды жұмыс жасауына жете көңіл бөлу, бірлік пен тұрақтылықты насихаттау;

– Облыстың өнерлі жастарға, спортшыларға демеушілік жасауы жыл сайын көптеп арқылы олардың өнерін шыңдау, жан-жақты көтерілуіне ықпал жасау үшін облыстың кәсіпкерлерінің мүдделі қызу қолдауы арқылы атсалысу;

– Жас мамандардың жұмысқа орналасуы, мамандығы бойынша жұмыс істеуіне қолдау білдіру;

– ЖОО түлектерінің бірінші рет жұмысқа орналасуына мемлекеттік кепілдік беруін ұсыну;

– Мәселіхаттың тұрақты комиссияларында және сенсориялардағы тығыздығын ойынан шығатын көкейкесті мәселелерін дер кезінде қаралып, талқыланып, оң шешімін табуына ықпал етеді;

– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының қызметі мен бағаларын азайтуға қолға ал, ол қаржының тиімді жұмсалыуына ықпал етеді. Себебі, мемлекетке коммуналдық мекемелерден түскен қаржы үйлер мен коммуналдық жүйелерді дағдыға және оларға қызмет көрсетуге жұмсалыу тиіс.

Сондықтан әрбір азамат аймақ дамуына өз үлестерін қосыуы тиіс. Сонда ғана ортақ игіліктің жеке пайдалан жоғары қатынына сенімдімі!

Сүр елі жұртының өмір сүру деңгейі мен сапасына бағамыздың табиғи байлықтарының, интеллектуалдық және ақыл құндылықтарының деңгейіне сәйкес келуі үшін мен бар күшімді жұмсаймын.

(Қаржысы республикалық бюджет есебінен).

ны 1984 жылы
ында дүниеге

ҚР Қарулы күштерінің «Аэроұтқыр» әскерінде
әскери борышын өтеген. 2008 жылы №3 мектеп-
және жетістіктерге жетіп,
үшін облыс әкімінің

[illegible]

көрсөтү, сонымен катар аталган топка жататын мектеп бүтүрүш түзөткөчө жогорку окуу орнына гана гирей негизинде билим алууга мүмкүнчүл жасасу;

8. Сыйбалас жасооруктарынан алдын алуу жумуштарын жүргүзүү, тугандын артындагы кеннен салыштыруу, саяси маанайы бар шараларга көтөрүлү, ош ишеним артындагы мыйлаз жасасу;

9. Жумушсылыктын курусти жана денгееге көтөрүлүсө көсикерликтеги аземеттиги жауапкерчилигин арттырууга аталысу;

10. Кичи көсикерликте дамытууга тугандындын кукумукт саяуатынын көтөрүлү ууымдалысу;

10. Жол жорылысы, газдануу, көлүк жатканысын ретке келтирүүсө жергиликтү тугандын муктажын үнөмү жасасу;

Мине, менин айтканымдай, айткан жасооранын рети осындай. Өбөрүс көбү сынышы болатын, ол бар халык. «Айна айна сөм, халык айна» деген төмөл бар халык халымдыга. Ендеше, өрктү едилди текти ұрыпты ретте менин айтарым, мен халымды менен айтканымдай, айткан жасасу жасай, алды сөмбө текти – мен үнөм үлкен парыз. Дурме тандуу жасасу – болашака деген үнөм кылат!

(Кадаржыс республикалык кудметтөсөбөн).

(Қаржысы республикалық бюджет есебінен).

ӨМІРБАЯНЫ



Құрметті сайлаушыла

[illegible]

(Қаржысы республикалық бюджет есебінен).

[illegible][illegible]

ҚАЗЫНА

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҒҰМЫР

«Қарты бар – елдің қазынасы бар». Осынау даналық лебізге еріксіз марқаясың. Қашанда қариясын қастер тұтқан ұлтымыз абыздарын ұлықтауды ешқашан жадынан шығарған емес. Жасы үлкеннің алдын орап сөз сөйлеуді әбес санайтын қазақта «алтын алма, алғыс алды» ұрпақтан ұрпаққа мұрас қылып келеді. Мұндай өнегелі іс қазіргі таңда да көрініс табады. Оған теңіз төскейіндегі тағлымды қадам дәлел болады.



Жуырда аудан әкімі Абзал Мұхимов Аралқұм ауылының тұрғыны Тәжігүл Еңсепованың шаңырағына арнайы барып сәлемдесті. Қос ғасырдың күгеріні мерекемен құттықтаған аудан басшысы асыл сүйекті анаға сый-құрмет көрсетті.

Бүгінгі таңда тура жүз жасқа толған Тәжігүл ана Көкарал бөгеті маңындағы Ақбауыр ауылында дүние есігін ашқан. Бұл жалпақ қазақ даласын көтеріліс жайлы шарпыған атакты 1916 жыл болатын. Бұғанасы

катып үлгерместен тұрмыстың катал тірлігіне араласып өскен ана өзінің ұзақ жасауының сыры үздіксіз еңбек етуде деп түсінеді. Бүгінде Тәжігүл Еңсепова 9 перзентінен тараған 33 немере, 63 шөбере және 1 шөпшек сүйіп отырған бақытты әже.

Өзіне деген ерекше ықыласқа риза болған ғасыр жасаған ана аудан әкіміне ақ батасын берді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

СПОРТ

НҰРАЙДЫҢ НҰРЛЫ АСУЫ

Сырдария ауданы Қоғалықол ауылында туып-өскен Нұрай бала күнінен ұғымтал, зерек еді. Әкесі Мұрат спорттық сайыстарды беріле тамашалап, өзі де жаңқуыр болып отыратын-ды. Қызын екінші сынып оқып жүргенінде тазқондаға берді. Ондағысы кеңжелесі дамып келе жатқан спорт түрін айрықша жақсы көргені ме, әлде болашақта қызының өзін өзі қорғауын қамтамасыз еткені ме, ол жағы тек өзіне ғана аян. Қызының келесігін ойлаған анасы Гүлжамал оның ауыл адамдары үшін тосындау көрінетін спорт түрімен айналысуына қарсы болғанын жасырмайды. Тіпті Нұрайды екі рет үйіріменен шығарып та алды. Алайда, өз дегеннен ондайлықпен қайта қоймайтын әрі баласының айрықша ықыласын сезген Мұрат Нұрайды №44 орта мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімі Әлішер Момыновтың алдына қайта апарды. Шәкіртін спортқа деген сүйіспеншілігін білетін жаттықтырушы көп уақытын Нұраймен өткізетін болды. Ол шәкіртіне спорттық сайыстағы басты қағида, абдырап, абыржымау қажеттігі, қарсыластың осал тұсын бағамдай білу керектігі екендігін ұғындыра білді. Шәкіртін аудаңдық, облыстық жарыстарға апарды. Бірде жеңіп, бірде жеңілген Нұрайдың көңіл күйі де соған орай толтықты. Әлішер шәкіртінің қандай жағдайда да өзін бірқалыпты ұстауы, жеңісті де, жеңілісті де салқинаңдылықпен қабылдай білуі керектігін ұғындырды.

Нұрайдың алғашқы сайысқа қатысқаны, алғашқы жеңісі әлі есіңде. Ең алғаш аудаңдық жарыстан жеңіп, облыстық сайыстан жеңіліп қайтқаны бар. Жаттығу, жаттығу, тағы да жаттығу... жалғасып жатты. Ұстазы тыным бермеді, өзі де тынбады. Әлі есіңде алғаш жарыстарға қатысып жүргенінде Алматы қаласында өткен біріншілікке барғаны бар. Жеңіліп қайтты. Өзінен ештеңе шықпайтындай сезінген. Бірақ спорттың өзі қуаныш пен өкініштен және бір үміттен тұрады емес пе? Жаттықтырушысы Әлішер мен әкесі Мұрат жігірін жанып, намысын қамшылады. Анасы Гүлжамал жарыстың соңы бұл емесін, алдағы күндерден күдер үзеу қажеттігін айтып, шашынан сипаған. Алматыда жыл сайын Қарасай батырды еске алу үшін жарыс ұйымдастырылады, 2012 жылы соған қатысып, жүздеп екінші орынға көтерілді. Содан кейінгі екі жыл қатарынан бірінші орынды иеленді. Сол жылғы Қазақстанның онышыны чемпионында жүзделді екінші орынды иеленсе, келер жылы Тәуелсіздік күніне орай Түркістан қаласында өткен ашық біріншілікке қатысып,

өз салмақ категориясы бойынша жеңімпаз танылды. Содан кейін-ақ жеңістері бір біріне жалғасып кете барды. Байқоныр, Қостанай, Қаскелең, Алматы, Петропавл секілді қалаларда шығыс жекпе жегінен өткен әртүрлі легейдегі жарыстарының жеңімпазы атанды.

Нұрай Мұратқызы 2013 жылы Оңтүстік Кореяда балалар мен жасөспірімдер арасында өтетін халықаралық чемпионатқа жолдама алғанда бүкіл ауыл болып қуанған-ды. Қуанғаны болар Болат Рүстемов басқаратын «Жамбыл-2030» ЖШС, Сламбек Каюпов жетекшілік ететін №44 мектеп ұжымы және барша ауыл тұрғындары жас талапқа демеушілік жасап, қолдау көрсетті. Жерлестерінің риясыз пейілінен қанаттанған Нұрай Оңтүстік Кореядан екі бірдей алтын медаль иеленіп қайтты. Өткен жылы Ақтау қаласында жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионатында 44 салмақ дәрежесі бойынша абсолюттік чемпион атанып, І дан қара белбеу иегерлерінің қатарына қосылды, Қазақстан спорт шебері атанды. Осы біріншілік қорытындысымен Канадада өтетін жарысқа жолдама алды.

Қазір Нұрай дарынды балаларға арналған Жалаңтос Баһадүр атындағы спорт мектебінің 9 сыныбында оқиды. Оқу озаты, мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады. Кезінде ауыл мектебіндегі бе, волейбол үйірмелеріне қатысқаны қазір өзіне пайдасын тигізгі жүргенін жасырмайды.

– Қызымын қоржынында 20 алтын, 6 күміс, 3 қола медаль, бірнеше мақтау қағаздары бар,– дейді нағашы әжесі Ырымқұл. – Ала бұйырғас, оның саны әлі де өсері даусыз. Мінезі ашық, көпшілікпен тез тіл табысып кетеді. Мен соған қуанамын. Болашағынан күтеріміз мол. Өзінің жетістіктері жайлы айтуға жоқ Нұрай өзіне үнемі қолдау көрсетіп отыратын Бадырған әжесі мен ата-анасын, Сауле тәтесінің үмітін ақтайтындығына сенеді. Жазда күріш егіп, қыста мал байлайтын әке-шешесі мен өзінің бауырларына қолғанат болсам дейді. Сонымен қатар жаттықтырушылары Рашид пен Тұрсын Сандықбаевтардың, Гүлмұра Мәжікөвтың өзіне деген сенімдерінен шығуды қалайды. Сондықтан да ол өзінің көп уақытын жаттығу залында өткізеді. Жасында Алматы қаласына барып, бір жетейді жаттығып қайтты. Алдағы әлем біріншілігінде ел туын биікке көтерсем деп армандайды. Жас тазеконданының алтын асулары әлі алда. Сол үшін де оның көп уақыты жаттығумен өтеді.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР

ЖЕРГІЛІКТІ КОМАНДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

«Евразия» спорт кешенінде жауынгер-интерактивист Ба-тыржан Шалғынбаевты еске алуға арналған футболдан республикалық турнир өтті. Осимен жиырмаасыншы мәрте ұйымдастырылып отырған дүбірлі додаға Алматы, Атырау, Жамбыл, Маңғыстау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан 28 команда, 400-ден астам спортшы қатысты. Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев Б.Шалғынбаевтың өміріне тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Құрметті жарысқа қатысушылар және футбол жанкүйерлері сіздерлі Б.Шалғынбаевты еске алуға арналған республикалық турнирдің ашылу салтанатымен құттықтаймын. Халқымыздың жауынгерлік рухын көтеруде өзіндік орны бар Б.Шалғынбаев сынды батырлардың баға жетпес ерлігін дәріптеу – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Айтулы жарыс жыл сайын дәстүрге айналып, биыл жиырмаасыншы мәрте ұйымдастырылып отыр. Ардақты азаматтың ерлігін дәріптеп, келер ұрпаққа өнеге көрсету бүгінгі аға буынның мақсаты деп білемін. Жарысқа демеушілік жасап жүрген Шалғынбаевтар отбасына алғысды айтамын. Бұл турнир жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, футболдың дамуына да оң әсерін тигізеді деген сенімдемін. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Жарыстың алғашқы күнінде үздік ойын көрсеткен 8 командадан жартылай



финалға «Азамат», «Олимп-Версаль», «АТІ Қазақстан», және «Энергоколледж» командалары өтті. Ал жартылай финалда қызылордалық «Олимп-Версаль» пен алматылық «Энергоколледж» кездесіп, жергілікті команда жеңіске жетті. «АТІ Қазақстан» мен «Азамат» командалары арасындағы тартысты ойында 7:6 есебімен «АТІ Қазақстан» жеңіс тұғырынан көрінді. Финалға өтпей қалған қызылордалық «Азамат» пен алматылық «Энергоколледж» арасындағы ойын тартысты өтіп, 5:6 есебімен «Азамат» алға шықты. Ал финалда «АТІ Қазақстан» мен «Олимп-Версаль» командалары жолықты. Екі таймды тең аяқтаған командалар айыл добында есеп ашып, «Олимп-Версаль» жеңіске жетті.

Осылайша екі күнге созылған

жарыс нәтижесінде қызылордалық «Олимп-Версаль» турнир жеңімпазы атанды. Ал ІІ орынды «АТІ Қазақстан» иеленсе, үшінші орынға «Азамат» командасы лайық деп танылды. Келесі орынға алматылық «Энергоколледж» тұрақтады. Жүлделі орындардан көрінген командаларға қаржылай сыйлықтар табысталды, турнир жеңімпазы «Олимп-Версаль» командасына турнирдің кубогы мен жеңіл автокөліктің кілті табысталды. Сондай-ақ, ойын барысында шеберлігін көзге түскен спортшылар да марапаттан құр қалған жоқ. Бірқатар ойыншылар «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылшы», «Мерген ойыншы» және «Үздік ойыншы» номинацияларымен марапатталды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ЖАҢАРҒАН МУЗЕЙ ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНА ТҮСПЕК

Интернеттің заманында музейге тек көнеңің қоймасы деп қарауға болмайды. Музей, меніңше, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырады. Екіншіден, музей дипломатиялық кешен деуге болады. Шет елден Сыр еліне келген меймандар алдымен бұл қандай ел, халқы қандай, болашағы қандай дегенде сұраққа осы жерден жауап алады. Сонымен бірге бұл орын инвестиция тартудың да тетігі. Оған қоса, музей – өскелең ұрпақты тәрбиелеудің маңызды құралы. Сондықтан білім, мәдениет саласының мамандары осы музейді тиімді әрі рухани қажеттілігімізге дұрыс пайдалана білуі керек деп ойлаймын. Биыл музейге 80 жыл толып отыр. Музей қоры өте бай. Бүгін тарихи-өлкетану музейі тарихының жаңа беті ашылып отыр деп айта аламыз. Сондықтан бүгінгі қуанышымыз құтты болсын, тарихымыз мәңгілік болсын, Мәңгілік еліміз болсын,– деп облыс әкімі жылы лебізін білдірді.

Онан соң шараның құрметті қонағы, суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ағымсалы Дүзепханов құттықтап, музей қызметкерлеріне шығармашылық табыс тіледі.

«Дара» фирмасы жүргізген реэкспозициялық жұмыстарының нәтижесінде музей залдары заманауи үлгіде жасқатылып, жаңартылған. Музейдің І және ІІ кабинеттеріне жаңа технологиялық электронды мониторлар мен теледидарлар орнатылған. Кіреберіс фойеде орналасқан мониторлар арқылы музей залдарының виртуальды экспозициясымен танысуға мүмкіндік бар.

Тарихымыз бен ұлттық идеологиямызды дүниежүзіне насихаттайтын рухани-мәдени орталықтың қорында қазіргі таңда 55416 эк-



понат сақтаулы. Өлкенің тарихы мен табиғатын баяндайтын 11 залда 4502 экспонат орын алған.

Шараға жиылғандар жаңарып, жаңғырған музеймен танысты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАЙЫНДАҒЫ ТҮЫНДЫ

«Жібек жолы» ойын-сауық орталығының кинозалында режиссер Еркін Рақышевтің «Әйгерім» көркем фильмі көрермен назарына ұсынылды. Аталған фильм желісі көру қабілетінен айырлған қазақ қызының ауыр тағдырына негізделген. Кинотуынында режиссер қос зағип жанның өмірі арқылы екі елдің арасындағы тарихи қарым-қатынасты да қамтуға тырысқан.

– Фильмнің негізгі мақсаты – мейірімділік пен қайырымдылықты насихаттай отырып, жас ұрпақты мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек беруге баулу. Сонымен қатар Кеңес үкіметінің отбырық саясатынан жүз мыңдаған қазақ ашаршылық кезінде шетелге босып кеткен еді. Сол жылдары шетел ауган

қазақтар, мысалы, Қытайға кеткен қандастарымыз сол елде жүріп аман қалды. Бұл киноның тағы бір мақсаты – сол қиын-қыстау кезеңде қазаққа қытай халқының жасаған көмегін көрсету, – дейді Е.Рақышев.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы

елшілігі қолдау көрсеткен фильмде Ақгүл Жарылқасын, Айша Мамытова, Әрік Жұмағұлов, Гүлшат Тұтова секілді қазақстандық актерлермен бірге қытайлық актерлер де басты рөлдерді сомдаған.

Мәдір ҚАЛЫМБЕТ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысында мүлікті жария ету жұмыстары жалғасуда.

2016 жылдың 14 наурыздағы жағдайы бойынша Қызылорда облысында мүлікті жария етуге барлығы 1283 өтініш 1536 жылжымайтын мүліктерді жария етуге берілген. Оның ішінде тұрғын емес үй-жайлар бойынша – 905 өтініш, соның ішінде коммерциялық объектілер бойынша – 745 өтініш, тұрғын үй бойынша – 631 өтініш. Келіп түскен өтініштер бойынша мүліктердің жалпы бағасы 12,1 млрд теңгегі құрады. 1127 өтініш бойынша жалпы құны 11,2 млрд теңге болатын 1346 объект жария етілген.

Қазіргі таңда, барлық аудандар мен Қызылорда қаласында мүлікті жария ету комиссиялармен заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша облыстағы кәсіпкерлер, ауыл және ауылдық округ тұрғындары үшін түсіндірме жұмыстарын (семинарлар, кездесулер) жүргізуде.

Мүлікті жария етуге байланысты жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар, сұхбаттар, теледидар және радио арқылы арнайы бағдарламалар мен бейнероликтер беріліп, көрсетілді.

Сонымен қатар, заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңартылған билбордтар жасалып, орналастырылды.

Қызылорда облысының қаржы басқармасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 29.01.2016 жылғы №05-23/206 санды хатына байланысты 2016 жылдың сәуір айының 12 жұлдызында сағат 15:00-де қалалық және барлық ауданның ауылшаруашылық бөлім басшылары мен аяқ су тұтынушылардың алдында Суды арналар арқылы беру қызметі бойынша 2015 жылдың қорытынды есеп беру жиналысы төмендегі мекен-жайда өткізілетіндігі жөнінде хабарлайды.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, №66 үй. (Мәжіліс залы). Тел.: 8(7242) 23-32-50, 23-38-94.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2016 жылғы 11 наурыздағы ұйғарымымен «Экотракт» ЖШС-на оналту рәсімі туралы іс қозғалды. Талап-тілектер Қызылорда қаласы Әйтеке би көшесі 29 үйде қабылданады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Байболов Бекназар Мадияровичтің атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Жетікөл ауылы, И.Әбішев көшесі №8 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-023-102, №КЗ 0108939) түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

Уразбаева Махаббат Маратовнаның атынан ашылған Уразбаева ЖК-ның мәрі жағулына байланысты жарамсыз деп есептелін (ЖСН 860415401821).

Берсүгірова Әйгерім Файзурахманқызының атына Қызылорда облысы, Арал ауданы, Жаксықилыш кентіндегі №19 орта мектепті 20.06.2004 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 0691378 аттестатының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

Тұрмағамбетовтер отбасы.

Меншік мәсі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
телефакс

70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі

40-02-17

Бас редактордың орынбасары

70-00-43

Жауапты хатшы

70-00-81

бөлімдер:

руханит және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

есеп-нұсқа - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиели, Жанакорған: Нұржан Етпей - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет атпасына 3 рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күніні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
“Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертифициқталған.

Авторларға қаламы татсырсы бойынша төленеді, қолжазба өңделуі және қайтарылмайды. Жарияланған газеттегі түпнұсқа нұсқасын білдірмейді. “АҚ” өңелі қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатылып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4.

Газеттің таралымына “Қазақстан” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция менен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4.

Таралымы 28443

Тапсырыс № 284

Электронды оқылым – 28000.